

Ізгі мүмін әйел Зубәйда  
Жағфарқызы  
(Аллаһ оған рақым етсін)  
ҚИССАСЫ

قصة زبيدة بنت جعفر رحمها الله

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخي>



إسماعيل بن عمر بن كثير

Исмаил ибн Омар ибн Касир



فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام

Islamhouse.com сайтының қазақ тілі бөлімшесі

**ЗУБӘЙДА ЖАҒФАРҚЫЗЫ****(АЛЛАҒ ОҒАН РАҚЫМ ЕТСІН)**

«Бағдаттан Меккеге дейінгі бұл жұмыстар, іс-әрекеттер – Зубәйда бинт Жағфар ибн Әбу Жағфар Мансурдың іздері. Ол бұған өмірін арнады, бұл жолда Аллаһтың барлық өкілін (қажыларды) қамтамасыз ететін игілік көздерін қалдырды».

Зубәйда Жағфарқызы – әйгілі халифа Һарун Рашидтің әйелі. Имам әз-Зәһәби, тақуалығымен, діншілдігімен, асқан жомарттығымен және қадір-қасиетімен танылған Зубәйда Жағфарқызы жайлы: «Еркектердің көзінен сақтанатын, беделді де дәулетті, қажылық жолында мақтауға тұрарлық қызмет еткен әйел. Оның сарайында жүздеген кәнізек болатын. Олар Аллаһтың кітабын жаттайтын» десе, күйеуі Һарун Рашидті: «Халифалардың бірегейі, патшалардың қарапайымы, қажылық пен жиһадқа көп шығатын, ержүрек, парасатты, ғұламаларды жақсы көретін, көп мал-дүниені садақа ететін, дін құрметін ұлықтап, сөздегі талас-тартысты жек көретін адам еді», – деп дәріптеген.

Зубәйда Жағфарқызы мен Һарун Рашид екеуі аталас болатын. Зубәйда Жағфардың қызы болса, Һарун Рашид Әбу Жағфардан туылған. Әбу Жағфар аббасилер мемлекетінің белгілі халифаларының бірі болған. Демек, Зубәйда Жағфарқызы құрайыш тайпасының Һашим руынан тарайды.

Зубәйда һижра жыл санағымен 145-жылы Ирактағы Маусил қаласында дүниеге келген. Атасы Әбу Жағфар Зубәйданы кішкентайынан қатты жақсы көріп, немере қызына ерекше назар аударады. Оған Зубәйда деп ат берген де осы кісі болатын. Патшалықтың нақ төрінде туып-өскен Зубәйданың алған тәлім-тәрбиесі, көрген тағылымы оны келе-келе нағыз патшалық сарайдың әйелдерінен етіп қалыптастырады. Бұған Хатиб әл-Бағдадидің айтқан сөзі дәлел. Ол: «Зубәйда жақсылығымен, білім иелерін қадір тұтуымен, кедей-кепшікке көп көңіл бөлуімен танымал болған игі әйел еді», – деген болатын.

Расында да, атасы патша, күйеуі патша Зубәйда жайлы адамдар «Зубәйдадай атақ-абыройға, даңқ-құрметке ие болған әйел жоқ», – деп айтатын.

Оның өмірі аббасилер мемлекетінің тоғыз халифасымен тікелей байланысты: ұлы – Мұхаммед Әмин, күйеуі – Һарун Рашид, өгей ұлы – Абдуллаһ Мамун және оның ұлдары Уафиқ пен Мутауаккил, немере ағасы – Мәһди, атасы – Мансур, әкесінің немере ағасы – Әбулаббас әс-Саффах және немере ағасының ұлы – Һәди. Зубәйда осы аталмыш халифалардың сұлтандықтары кезінде өмір сүреді. Аббасилер мемлекетінің жетпіс үш адамы халифалық таққа отырса, сол жетпіс үш адамның үшеуінің ғана аналары араб әйелдері еді. Олар: Әбулаббас әс-Саффах, Әбу Жағфар Мансур және Зубәйданың ұлы – Мұхаммед Әмин. Баласы халифа болған әйел ретінде оның қадір-қасиеті ылғи да жоғары қойылатын. Сонымен қатар Зубәйда аббасилердің арасындағы білімді, ар-ибалы, мәдениетті, тақуа әйелдерден еді. Құран, хадис ілімдерін оқып меңгерген, сөз шеберлігіне жетік әдебиетші әрі ақын болатын.

Алғашында Зубәйданың өмірі ысырапқа толы еді. Харун Рашид оған үйленген кезде ұлан-асыр мереке жасағаны соншалық, бұл той халифалық сараймен шектеліп қана қоймай, қаланың барлық көшесіндегі жұртқа ас беріледі. Бұл тойдың жалпы шығыны елу бес миллион дирхамды құраған. Әрине, мұнда үлкен ысырапқа жол берілген. Мұндай үлкен мол қаражат халифаның тойына емес, ел игілігіне жұмсалыуы тиіс еді.

Бірде Зубәйда қызметкерлеріне жібектен барлық жан-жануарлар мен аң-құстардың бейнесі түсірілген кілем тоқуды бұйырады. Кілемді тоқу барысында бұл бейнелердің барлығы алтын жіптермен кестеленсе, олардың көздері інжу-жақұт тастармен безендіріледі. Сөйтіп, бұл кілемнің шығынына бір миллион динар жұмсалады.

Аббасилер халифалығының кезеңінде мұсылман әйелдердің киім үлгісін түрлендіріп, өзгерткен де Зубәйда болатын деген әңгімелер де айтылады. Ол белбеулері мен кебісіне дейін әсемдеп, әшекейлеген. Сән-салтанатқа мұншалықты құмар бұл әйелдің бір киімі елу мың динардан асып кететін.

Сол тұстағы аббасилер сән-салтанаттан еш нәрсе аямайтын және сонымен қатар білім мен мәдениетке де аса көп көңіл бөлетін.

Халифа сарайында Зубәйданың кіріс-шығысын есептейтін бір кісі болатын. Ол есеп беру кезінде қазынадан ажыратылған екі жүз мың ақшаның орнын шығара алмай қалған соң, жемқорлықпен айыпталып абақтыға жабылады. Басына іс түскен есепші орны шықпаған қаражатты өтей алмаған соң, ел ішінде құрмет, абыройға ие достары – Иса ибн Фулән мен Сәһл ибн Саууахты араға салады. Бұл кісілер достарын арашалау үшін әуелі Зубәйданың кіріс-шығыс бөлімін басқаратын бас есепші Дауд деген кісіге келе жатқанда, оларға мемлекеттің белді тұлғаларының бірі, Мәһдидің уәзірі Файд ибн Әбу Салих жолығып қалады. Файд ибн Әбу Салих бұл екеуінен:

– Жол болсын! Қайда бара жатырсындар? – деп жөн сұрайды. Олар:

– Жолдасымызға ара түсіп, оны абақтыдан шығарып алу жайлы сарайдың бас есепшісіне келеміз, – дейді. Ол:

– Менің сендермен бірге баруымды қалайсындар ма? – дегенде, екеуі қуана мақұл көріп, оны өздерімен ертіп алады.

Иса ибн Фулән, Сәһл ибн Саууах және Файд ибн Әбу Салих үшеуі Даудқа келеді. Олар Даудтан бұл мәселенің шешімін сұрағанда, ол: «Бұл менің қолымдағы нәрсе емес, мұны Зубәйда шешеді. Мен Зубәйда Жағфарқызымен ақылдасып көрейін», – деп оған хат жазып жібереді. Зубәйда Даудтың бұл хатына: «Қазынадағы қаржының орны толтырылмайынша, босатылмасын», – деп жауап жазады. Иса мен Сәһл Зубәйданың жауабын оқып, үміттерін біржола үзеді. Бірақ Файд ибн Әбу Салих Даудқа: «Абақтыдағы есепшінің қарызын мен төлейін, оны босатындар», – деп сұранып хат жазады. Бұл хатты да Дауд Зубәйда Жағфарқызына жібереді. Зубәйда қолына тиген хатты оқыған соң, бас есепшіге: «Мұндай кенпейілділікке Файд ибн Әбу Салихқа қарағанда, мен лайықтырақпын. Файд ибн Әбу Салихқа мал-дүниесін хатымен қосып қайтарып беріңдер, ал есепшіні абақтыдан босатып, мұндай нәрсені қайталамауын тапсырындар», – деп сәлем жолдайды.

Зубәйда Жағфарқызының бойынан атақ-абыройы мен беделіне шаң жұқтырмайтын осындай сақилық пен мәрттік те бой көрсететін.

Зубәйда Жағфарқызы күйеуі Нарун Рашидпен нижраның 186-жылы қажылық сапарға шығады. Жол барысында Зубәйда қажылардың бұл ғибадатты орындауларында көп қиындыққа тап болатындығын байқайды. Қажылыққа келген мұсылмандар әсіресе Минаға барғанда су тапшылығынан қиналатын, қажетті суларын ондаған дирһамға сатып алуға мәжбүр болатын, кейде судың құны бір динарға дейін көтерілетін. Өйткені Зәмзәм суы Харам мешітінің аумағында ғана еді. Зубәйда осы жайтты көзімен көреді.

Ол қажылық рәсімдерін орындап болған соң, арнайы мамандарға үздіксіз таусылмай шығып тұратын жерасты су қорларын іздеуді тапсырады. Нәтижесінде, мамандар судың ең жақын қайнар көзі он мильдей қашықтықта екенін анықтайды. Ол жерден суды канал арқылы әкелейін десе, оларға тау бөгет етеді. Сонда Зубәйда оларға: «Тауды бұзыңдар!» – деп бұйырады. Қасиетті мекенге сырттан су алып келу үшін жартастарды бұзу, тауларды үңгу жұмыстары басталып та кетеді. Бұл жұмыстың жауапкершілігін бас-аяғына дейін Зубәйда өз мойнына алып, бар шығынын өзі көтермек болады. Есептеп келгенде, мұндай алып жобаның шығыны екі миллион алтын динарды құрайды. Бұл соманы бүгінгі күннің ақшасына шақсақ, жүздеген миллион долларға тең келмек.

Сөйтіп, бұл жобаны бастамас бұрын Зубәйда өзінің бас есепшісімен ақылдасады, есепші оған: «Егер бұл жұмысты бастасаң, саған үлкен қаражат керек болады», – дейді. Сонда Зубәйда нартәуекелге бел буып: «Әрбір балтаның соққысы бір динарға түссе де, жұмысқа кірісіңдер», – деп нұсқау береді. Көп кешікпей тауды үңгу жұмыстары да басталады.

Істің басталуынан көп өтпей-ақ бас есепші Дауд Зубәйдаға келіп: «Бүгінгі күнге дейін осы жұмысқа төрт жүз мың дирһам жұмсалды», – дейді. Зубәйда алған бетінен қайтпай: «Бұл сөзіңмен сен нені меңзеп тұрсың? Мені кеткен малға бармақ тістеп өкінеді дейсің бе, жоқ әлде осы қайырлы істен қайтарғың келе ме? Қанша мал жұмсалса да, барып осы істі жалғастыр!» – деп оны қайта жөнелтеді. Сөйтіп, Зубәйданың демеушілігімен мамандар сондай бір көлік құралдары, көтергіш машиналар, динамит сияқты қопарғыш заттар жоқ заманда тынымсыз еңбектің арқасында қара қолдың күшімен тауды жарып, Харам мешітінің аумағына су жеткізеді. Бір кездердегі Зубәйда қаздырған осы каналды Сауд Араб мемлекеті осы күнге дейін жаңартып пайдаланумен келеді.

Жұмыс аяқталып, істің басы-қасында жүрген адамдар есеп-қисап беру үшін Зубәйданың алдына кіреді. Адамдардың алғысы мен дұғасына бөленер бұл еңбегінің жеміс бергеніне Зубәйда қатты қуанады.

Есеп алудан бұрын Зубәйда әуелі: «Маған сол каналдың суынан алып келіндер», – деп су алдырады. Содан соң есеп-қисап жазылған дәптерлердің сиясын әлгі сумен жуып өшіріп, есепшілердің алдына көп мал-дүние беріп: «Мынадан есепсіз алыңдар, есеп Есеп күні болады», – деп, өзінің шексіз ризашылығын білдіреді.

Ендігі кезекте Зубәйда қажылық жасаушылар үшін Бағдаттан Меккеге барар жолдың ат шалдырар қашықтығының әрбір жерінен су көздерін ашуды бұйырады. Ол су көзі табылмаған жағдайда суды арық, канал арқылы әкелуді тапсырады. Бұл істе де Зубәйданың діттеген мақсаты орындалып, бұл игілік көп мұсылмандар үшін өте қайырлы, зор пайда

әкеледі. Атқарылған бұл жұмыстар жайлы төрт жүз жылдан кейін Раххалә ибн Жубайр: «Бағдаттан Меккеге дейінгі бұл жұмыстар, іс-әрекеттер – Зубәйда Жағфарқызы ибн Әбу Жағфар Мансурдың іздері. Ол бұған өмірін арнады, ол бұл жолда Аллаһтың барлық өкілін (қажыларды) қамтамасыз ететін игілік көздерін қалдырды», – деген.

Бұл сөз хижраның 615-жылы, яғни Зубәйда дүниеден өткеннен кейін араға төрт жүз жыл салып барып жазылған еді. Зубәйда шығарған су көздері осы күнге дейін жұртшылық қажетіне жарауда. Көпшіліктің игілігіне арналған бұл істер Зубәйда Жағфарқызының артынан Ақыретке дейін үздіксіз барып тұратын сауап көзі болмақ.

Ол өзінің ысырапқа толы өмірін сап тыйып, халифа қазынасындағы малды осылайша орны жоғалмас халық берекесіне айналдырған.

Имам Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Асғад әл-Ямани 786-жылы төмендегі сөздерді айтқан: «Зубәйда Жағфарқызы (Аллаһ оған рақым етсін) қаздырған бұл аталмыш канал ізі сақталған үлкен ғимараттардан тұрады. Ол таңғажайып, тамашалауға татиды. Меккеден шығар жолда Минаның оңтүстік бағытындағы таулардан су жер астына түсіп жатыр. (Яғни су жерасты жолдары арқылы ағып жатыр.) Тау ішіндегі су жолы алып құдықтарға ұқсайды. Егер күндіз оның ішіне адам кірсе, қараңғылығынан қорқады».

Су тауды тесіп өткен жерасты каналдары арқылы әкелінген. Техникалық құралдар болмаған тұста осындай алып жұмысты іске қосқан әйел Зубәйда еді. Осылайша ерлердің ісіне татитын тірлікті бітірген Зубәйда бір сән иесі немесе әртіс ретінде емес, қайырлы істің атқарушысы ретінде тарихта із қалдырады.

Зубәйда мұнан кейін әр жылы қажылыққа баруды әдетке айналдырған болатын. Мінеки, бұл мүмкіндікке ие мұсылман әйелдің дін үшін жасаған игілігі еді. Әлхамду лилләһ! Бүгінде арамызда Зубәйда секілді Аллаһ берген дүниенің орнын біліп, орайын тауып, мал-дүниесін сауап жолға жұмсап жүрген адамдар жетерлік. Аллаһ оларға разы болсын!

Сондай-ақ Зубәйда Жағфарқызы Құран оқуға қатты берілген жан еді. Халифа сарайында Аллаһтың кітабын толық жаттап алған жүзге тарта кәнизак болатын. Ол әр күні осы кәнизактарын алдырып, оларға таңнан кешке дейін Құран оқытатын. Адамдар оның сарайын «Ара ұясының ызыңындай» деп сипаттаған.

Ақылды да парасатты, сақи да салиқалы Зубәйда Жағфарқызы мемлекеттің көптеген ісіне араласып, қаулы-қарар, шешімдер шығарып, арыз-шағымдарды қарайтын. Жастайынан тілі көркем, әдебиетке жетік ол келген шағым-хаттарға өте тамаша жауап жазатын. Сол кездегі қалыптасқан рәсім бойынша, келген шағым-хаттарға жауап жазу көп уақытты қажет ететіндіктен, басшылық қызметтегілер уақытты ұтымды пайдалану үшін келген хаттарды оқып танысқан соң, сол парақтың бұрышына қысқа да нұсқа, жетік көркем тілмен жауап жазатын. Бұл істе Зубәйда өте шебер еді. Белгілі әдебиетші ғалым Амр ибн Масғада: «Мен Умму Жағфардың (Зубәйданың) көптеген шағым-хаттарға жазған бұрыштама жауабын оқыдым. Оның өте көркем, ықшамды жазылып, көп мағынаны қамтитынын аңғардым», – деп айтқан. Ол тіл өнеріне, әдебиетке көп көңіл бөліп, ғалымдармен ақылдасып, кеңесетін. Зубәйданың тіл ғылымындағы кеңесшілерінің бірі, белгілі әдебиетші ғалым Асмағи еді. Ол сондай-ақ фикһ ғылымына да қатты қызығушылық білдірген. Кейде Зубәйда сарайына фикһ ғалымдары мен олардың шәкірттерін шақыртып, сұхбат құрғызып, өзі сұхбатты шымылдық



артынан тыңдап отыратын. Ғалымдарға сұрақ қойып, олардан жауап алатын. Шымылдық артында отырып, ол Һарун Рашидтің де мәжілістеріне қатысатын.

Зубәйда поэзияны да сүйіп оқитын, оның астарын, нәзік тұстарын керемет түсінетін. Өзі де өлең жазатын. Тек бір Зубәйда ғана емес, онымен үзеңгілес мұсылман әйелдері де сол тұстағы Батыстың ханшайымдарымен салыстырғанда, қай жағынан болсын әлдеқайда жоғары тұратын. Мысалы, Батыстағы патша сарайы әйелдерінің арасында кең тараған мәдениеттері: тек сауықтарға киетін сәнді көйлектер, себетін әтірлер немесе суретшілерге өздерінің жалаңаш бейнелерін салдыру, тағы сол іспеттес арзан дүниелер еді. Ал сол тұстағы мұсылман әйелдерінің мәдениеті батыстық сылқымдардан көш ілгері жетіліп дамыған дәрежеде еді. Олар шымылдық артында отырып, бала жұбатып, қазан құлағын ұстаса да, бір сәт дүниелік істерді ысырып қойып, іліммен айналысатын, көпшіліктің игілігі үшін сауапты амалдар жасайтын, ұдайы өркендеуге ұмтылып отыратын. Халифаның әйелі түгіл, қарапайым кәнізәктің де ілімдегі жетістігі осындай-ды. Ислам мұсылман әйелдерін мақтауға да, мақтануға да тұрарлық осындай ғанибеттерге бөлеген-ді.

Бір күндері Зубәйданың басына өте ауыр қасірет түседі. Сол кездегі халифалар тақ мұрагерлігінде кейінгі ұрпақтары таласпауы үшін көзі тірісінде-ақ мұрагерді ретімен өзі тағайындап кететін. Һарун Рашидтің өсиеті бойынша тақ мұрагері Зубәйда екеуінің ұлдары Мұхаммед Әмин еді. Одан кейінгі мұрагер Һарунның басқа әйелінің баласы Абдуллаһ Мамун болуы керек-тұғын. Һарун Рашид қайтыс болғаннан кейін тиісінше Мұхаммед Әмин таққа отырады. Екі жыл билік жүргізген соң ол мұрагерлікті ешкіммен бөліскісі келмей, Абдуллаһ Мамунның мұрагерлігін жойып, өзінің ұлын отырғызғысы келеді. Сөйтіп, ол Мамунның мұрагерлік құқықтан айырылғандығын жариялайды.

Бұл кезде Абдуллаһ Мамун Хорасан мен оның төңірегіндегі жерлердің уәлиі болып отырған еді. Бауыры Мұхаммед Әминнің бұл шешіміне наразылық білдіріп Абдуллаһ Мамун өкіметке қарсы көтеріліс бастайды. Мамунның бұйрығымен оның уәзірі Таһир ибн Хусейн өз басшылығында үлкен қол жинақтайды. Көтерілісті басу мақсатымен Әминнің уәзірі Әли ибн Иса ибн Маһан да әскер дайындап жатады. Бұл һижраның 195-жылы болатын. Мұхаммед Әмин әскерінің қолбасшысы Әли ибн Иса Абдуллаһ Мамунның көтерілісін басу үшін аттанып бара жатқанда, бұл уәзірді Зубәйда шақырып алып, егер Мамунды жеңе қалған жағдайда былай етерсің деп кеңес береді: «Мүміндердің әміршісі менің ұлым болса да, оған көңілім барынша бұрып тұрса да, шын мәнінде, мен Мамунге, оның басына төнген зұлымдық үшін жүрегім бұрып тұр. Менің ұлым патша, өз билігінде бауырымен таласқа түсті. Адамдар оны қолындағы билікпен алдады. Жомарт оның етін жейді, ал басқа басын жалмайды. Сен Абдуллаһтың тақта құқығы бар екенін білесің. Қандай болған күнде де Абдуллаһ – біздің туысымыз, ол – менің баламның бауыры. Оның тақтағы және туыстық құқығын құрметте! Оны кемсітетін сөздер айтпа! Сен – оның теңі емессің. Оған құлдарша мәміле жасама! Оған ешқандай бұғау, кісен, шынжыр сияқтыларды салма. Оны қызметкерлерінен айырма! Оны жол азабына душар етпе! Онымен қатар жүріп не алдына түспе, кейін жүр! Одан бұрын атқа отырма! Атының тізгінін қолыңа ал! Егер сені балағаттаса, қарсы жауап қатпа!» – деп Зубәйда мықтап тапсырып тұрып, уәзірдің қолына күміс арқан ұстатып: «Егер ол қолға түсе қалса, мына арқанмен байла», – дейді.

Көтерілістің нәтижесінде Әминнің әскері жеңіліс тауып, мұның ақыры Әминнің Бағдатта өз қамалында қоршауға алынып, өлтірілуіне алып келеді.

Нижраның 198-жылы Әмин өлтіріледі. Ұлынан айырылған байғұс ана оның өліміне қайғырып, баласын жоқтап, көз жасымен қатар жүрегінен жыр шумақтарын төгеді.

Мұхаммед Әминнің қазасынан кейін Зубәйданың алдына кешірім сұрап, оны жұбатып, өгей ұлы Мамун келіп: «Сіз көп қайғырмаңыз, ұлыңыз өлсе, орнында мен бармын», – дейді. Сонда Зубәйда: «Орнында сендей бауыр қалдырған балаға қалай қайғырмайын, уа, мүміндердің әміршісі!» – деп жылайды. Оған қосылып егіліп Мамун да жылайды. Ұлын өлтіргеніне қарамастан, Зубәйда мен Мамунның арасында өте жақсы, құрметті қарым-қатынас қалыптасады. Зубәйда Мамунға: «Мен баламды жоғалтқанда, сені маған берген Аллаһқа шүкір! Мен ұлымды жоғалтқан жоқпын, орнында сен барсың», – дейтін.

Мамун Ахмад ибн Халидқа: «Мен мұндай сабырға ие әйелді ешқашан көрген емеспін», – деген.

Кейде Мамун Зубәйданың ұлын жоқтап шығарған өлеңдерін оқыған сайын, қайғыдан егіліп жылап, талықсып қалатын. Зубәйдаға Әминді өлтіруді қаламағанын айтып: «Аллаһтың атымен ант етейін! Мен ешкімге мұны бұйырмадым! Оған разы да болмадым! Аллаһым! Таһир ибн Хусейннің жүрегін жап!» – деп оның өз бұйрығынсыз бауырын өлтіргеніне нала болатын. Ал Зубәйда: «Уа, мүміндердің әміршісі! Сен екеуіңнің алдарыңда бас қосатын бір Күн бар! Аллаһ қаласа, сол күні сендерді Аллаһтың кешіруін үміт етемін!» – дейтін.

Осылайша Зубәйда нижраның 216-жылы Бағдатта дүние салғанға дейін қалған өмірін құлшылық-ғибадатпен өткізеді. Аллаһ оған рақым етсін!